

ҚР ІІМ оқу орнына кандидаттарды іріктеу мен зерделеуді ПД/К/ облыстардың кадр аппараттары жүргізеді, сондай-ақ институтта ТІКЕЛЕЙ ҚАБЫЛДАУ жүзеге асырылады.

КОНКУРСТАН ТЫС ОҚУҒА ҚАБЫЛДАНАТЫНДАР

1. «Алтын белгі» иегерлері.
2. ҰБТ-дан 100-ден артық балл жинағандар.
3. Спорт шеберлері.
4. Қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан немесе мүгедектік алған қызметкерлердің балалары.

ЕРЛЕРГЕ

№	Атауы	Бағасы		
		өте жақсы	жақсы	қанағат.
1	Жүгіру 100 м	14,0	14,5	15,0
2	Жүгіру 1000 м	3,40	3,50	4,00
3	Тартылу	11	9	7

ҚЫЗДАРҒА

№	Атауы	Бағасы		
		өте жақсы	жақсы	қанағат.
1	Жүгіру 100 м	16,0	16,5	17,0
2	Жүгіру 1000 м	4,40	5,00	5,20
3	1 минут ішінде шалқадан жатып кеудені көтеру (көтеру)	35	30	25

Біздің есігіміз таңдалған мамандықты терең меңгергісі келетіндер үшін әрқашан ашық!



**Қазақстан Республикасы ІІМ
Малкедзар Бөкенбаев атындағы
Ақтөбе заң институты**



МЕНИҢ ТАҢДАУЫМ

Байланыс телефоны: 8 (7132) 73-02-09



auimvd.edu.kz



mail@auimvd.edu.kz



aqtobe_polisia_instituty



ІІМ Ақтөбе заң институты



aqtobe_polisia_instituty



АЮИ МВД. Qazaqstan. Police academy

Малкедзар Бөкенбаев атындағы
Ақтөбе заң институты құқық
қорғау саласы бойынша мамандар
даярлайтын Батыс өңірдегі жалғыз
жоғарғы оқу орны.

Оқуға он алты жасқа толған, орта және
арнайы орта білімі бар Қазақстан
Республикасының азаматтары
қабылданады

ОҚУ ОРНЫНЫҢ ҚҰРЫЛУЫ

Қазақстан Республикасы ІІМ-нің 1996
жылғы 12 мамырда Ақтөбе қаласында ҚР
Ішкі істер органдарының басшы құрамының
мамандарын даярлау үшін ҚР ІІМ Қостанай
жоғары мектебінің филиалы ашылды.

1998 жылғы 20 сәуірде ҚР ІІМ Қостанай
жоғары мектебінің Ақтөбе филиалы ҚР ІІМ
Ақтөбе заң колледжі болып қайта құрылды.

2010 жылғы 31 мамырда Ақтөбе заң
колледжі базасында ҚР ІІМ Ақтөбе заң
институты құрылды.

ҚР Үкіметінің 2014 жылғы 9
желтоқсанда Кеңес Одағының
Батыры, “Алтын жұлдыз” медалінің
иегері және ІІО ардагері Малкедзар
Бөкенбаевтың есімі ҚР ІІМ
Ақтөбе заң институтына
берілді.



Институттың заманауи оқу-материалдық
базасы бар: 8 кафедра, 3 дәріс залы, жалпы
және арнайы кітапхана, 25 аудитория, акт және
спорт залдары, 2 компьютерлік кабинет,

ИНСТИТУТТА ОҚУДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ:

Оқу кезеңінде білім алушылар тегін
қамтамасыз етіледі:

1. Жабдықталған жатақхана;
2. Күніне үш рет тамақтану;
3. Нысанды киім-кешек;
4. Медициналық қызмет көрсету;
5. Ай сайынғы шәкіртақы;
6. Демалыс кезеңінде тұрақты тұратын
жеріне және кері қайтуға жол жүру құны
төленеді;
7. Оқу кезеңі мерзімді әскери қызмет өткеруге
теңестіріледі және еңбек өтіліне кіреді;
8. 100% жұмысқа орналастыру;
9. Оқу орнын бітірген соң түлектерге жоғары
білім дипломы, полиция лейтенанты арнайы
атағы беріледі.

ОҚУҒА ТҮСУШІЛЕР БІЛУІ КЕРЕК

Біздің институтқа түсу үшін үміткерлер:

1. Қаңтар мен мамыр айлары аралығында
тұрғылықты жері бойынша полиция бөліміне
немесе тікелей институтқа өтінішпен жүгіну
қажет;

2. Қызметке өз жарамдылығын анықтау үшін
әскери-дәрігерлік комиссиядан өту қажет;

3. ҰБТ-дан 50 балдан аса, бейіндік пән
бойынша шекті балл – кемінде 5 балл,
математикалық және оқу сауаттылығы бойынша
3 балдан жоғары болуы керек.

4. Спорттық нормативтерді тапсыру
(институтқа келгеннен кейін).

Оқу ісін қалыптастыру үшін үміткерлер
келесі құжаттарды ұсынуы керек:

- өтініш (Полиция департаментінің бірінші
басшысының атына);
- жеке басын куәландыратын құжат;
- орта білім туралы аттестат немесе білім
туралы диплом;
- үміткер жөнінде деректер-2 дана;
- өмірбаян (басылған және өз қолымен
жазылған) - 2 дана;
- оқу орнынан (қызмет / жұмыс) мінездеме;
- соттылығының болуы немесе болмауы
туралы
анықтама;
- жақын туыстарының (ата-аналарының, асырап
алушыларының, ата-анасы бір және ата-анасы
бөлек аға-інілері мен апа-сіңілілерінің) жеке
куәліктері мен туу туралы куәліктерінің
көшірмелері;
- фотосуреттер 3*4 - 6 дана;
- әскери қызмет өткеру туралы келісімшарт
жасасуға заңды өкілдердің нотариалды
куәландырылған келісімі (кәмелетке толмаған
кандидаттар үшін).

